

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше алды жағдайды жариялау туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2025 жылғы 13 маусымдағы № 12 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына. Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, ШЕШІМ қабылдадым:

1. Ақсу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше алды жағдай жариялансын.
2. Төтенше алды жағдайды жоюдың басшысы болып "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Б.К. Азаматов тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Б. Шәріпов